



7 ақпан, **сейсенбі** 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



<https://twitter.com/syrboyi>



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

Агенттік төрағасын қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаевты қабылдады. Мемлекет басшысына Агенттіктің былтыр атқарған жұмыстары мен оның тапсырмаларының орындалуы барысы жөнінде есеп беріліп, алдағы кезеңге арналған жоспары туралы баяндалды.

Президентке мемлекеттік қызметке кіру ісіндегі артық кедергілерді жою, одан шығу тәртібін жеңілдету үшін жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет берілді. Дархан Жазықбаевтың айтуынша, мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толық цифрландыру мақсатында «Е-қызмет» жүйесі жаңғыртылды және оның базасында биыл 1 наурыздан бастап



жана іріктеу жүйесі пилоттық жоба ретінде іске қосылады.

Агенттік төрағасы бюрократиялық кедергілерді азайтуға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін талдау нәтижелері туралы да баяндады. Дархан Жазықбаев Агенттікті толыққанды HR-институтқа айналдыру жөніндегі жоспарлы шараларға арнайы тоқталды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаевқа салалық кадрлардың мемлекеттік аппаратқа

кажеттігін ескере отырып, Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу өткізуге дайындық жұмыстарының басталғаны жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ өңірлік жастар кадр резервтерін құру жоспарда бар.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппараттың сервистік моделін қалыптастыру және мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

САПАР

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫ: Биыл 100 шақырымнан астамы аяқталады



Кеше ҚР Үкіметі Аппараты басшысының бірінші орынбасары Ғабит Сыздықбеков Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келіп, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге өңірдегі «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту жұмыстары және Сырдария өзенінің жағдайымен танысты. Делегация құрамында ҚР ЭТРМ Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Досбол Бекмағанбетов, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы, директорлар кеңесінің мүшесі Мейрхат Қасымбаев және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ сыртқы аймақтар департамент директоры Марат Махамбетов бар, — деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Алдыңмен аймақ басшысы Ғабит Әбдімәжітұлына «Қызылорда» су торабын қайта жаңғырту жұмыстарымен таныстырды. Нысан 1956 жылы салынған. Қазіргі таңда ол 110 мың гектар суармалы және 250 мың гектар жайылымдық жерлерді аяқсумен қамтиды. Мұнда 2020 жылы басталған қайта жаңғырту жұмыстары барысында сол жағалаудағы шлюз-реттегіш, жана су торабы, су бекеттері мен трансформаторлық қосалқы станция салынып, торап аймағы абаттандырылатын болады. Жобаның бас мердігері жұмысты биыл аяқтамақ.

Әрі қарай делегация мүшелері «Қызылорда-Жезқазған» автожолын қайта жаңғырту барысымен танысып, жол құрылысына қажетті битумды сақтайтын қоймаларды аралады. Еске салсақ, аталған автокөлік жолын қалпына келтіру мәселесі көптеген жылдар бойы шешімін таппай келді. 2021 жылы Қызылорда облысындағы 204 шақырым бойынша 6 лотқа бөлініп, мемлекеттік сатып алу конкурсы өткізілді. Өткен жылы мердігер мекемелер «Қытай азаматтық инженерлік-құрылыс корпорациясы» ЖШҚ, «Қыран» ЖШС, «Гуйчжоу жол-инженерлік корпорациясы» ЖШҚ, және «Steel Corporation» құрылысқа қажетті құжаттарды әзірлеп, дайындық жұмыстарын жүргізді. Биыл мердігер мекемелер жолдың 100 шақырымнан астам бөлігін аяқтауды жоспарлауда, құрылыс материалдарының басым бөлігі қоймаға жеткізілді.

— «Қызылорда-Жезқазған» жолы — Президенттің тікелей бақылауындағы үлкен жоба. Халықтың да біршама уақыттан бері көтеріп жүрген мәселесі. Сондықтан жолдың сапалы салынуы, мерзімінде аяқталуы өте маңызды. Бұл жоба жол бойы логистикасын дамытып, жол катынасын едәуір жеңілдетуге сеп болмақ, — деді танысу барысында Ғабит Әбдімәжітұлы.

— Рәсіммен, халық бұл жана-лықты ұзақ күтті. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жоба басталды. Біз өзіміздің аймақтан өтетін жолдың сапалы салынуына атсалысатын боламыз, — деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Түстен кейін Ғабит Сыздықбеков аймақ басшысымен бірге Жанакорған және Шиелі аудандарына тікшақпен барып, Сырдария өзеніндегі су деңгейін көріп, жағдаймен танысты.

Казір облыста 29 су басу қаупі бар аймақ анықталып, оған 366 арнайы техника бірлігі және 1137 адамы бар 138 жауапты мекеме бекітілген. Облыстың барлық аумағында өзен бойында тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылуда. Дариядағы жағдай қалыпты, барлық қажетті материалдар мен техника қамтамасыз етілген.

Сапар соңында ҚР Үкіметі Аппараты басшысының бірінші орынбасары өңірдегі жүргізілген жұмыстар табысты аяқталуына тілектестік білдірді.

Ғабит Әбдімәжітұлының жұмыс сапары Түркістан облысында жалғасатын болады.



Суреттер түсірген Б.Бекжанов

Жеделхат жолдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның оңтүстік-шығысында көптеген адам шығынына әкеп соқтырған жер сілкінісіне байланысты осы елдің Президенті Режеп Тайип Ердоғанға көңіл айту жеделхатын жолдады.

— Түркия Республикасында болған аса күшті жер сілкінісі салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарлы зор күйзеліспен қабылдадым. Осындай қиын сәтте жақындарынан айырылған отбасыларға, сондай-ақ бүкіл түрік ағайындарымыздың ауыр қайғыларына ортақтасып, Қазақстан халқының және жеке өзімнің атыман көңіл айтамын, — деп жазылған жеделхатта.

Сонымен қатар Президент Қазақстанның Түркияға тиісті көмек көрсетуге дайын екенін жеткізді.


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Түркияның оңтүстік-шығысында болған жойқын жер сілкінісінің салдарын еңсеруде шұғыл көмек көрсетуді тапсырды деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Сыртқы істер министрлігі мен Төтенше жағдайлар министрлігі түрік билігімен байланыс орнатты. Жақын арада Түркия Үкіметінің өтініші бойынша зардап шеккен өңірлерге қазақстандық құтқарушылар мен дәрігерлер шадады.

СУЫТ ХАБАР

Үйінді астында қалғандар бар

Кеше таңертең жойқын жер сілкінісі Түркия мен Сирияда қаншама адамның өмірін қиды. Табиғи апат бүкіл Таяу Шығыста сезілді. Биліктің мәліметінше, Түркия мен Сирияда 7,8 балдық жер сілкінісі болып, кем дегенде 195 адам қаза тапты. Ал түске қарай БАҚ 640-тан астам адамның қаза тапқанын хабарлады. Өкінішке қарай бұл сандар әлі нақты емес.



2-бет



Сурет ашық дереккөзден алынды

АВТОНЕСИЕ:

18 секундта 761 өтінім

Елімізде автосалоннан судай жаңа «темір тұлпарды» тақымына басуды қалайтын тұрғындар үшін кеше, 6 ақпанда өтінімдерді қабылдау платформасы іске қосылды. Бір қызығы, 18 секундтың ішінде 761 өтінім қабылданып, бұған дейін насихаты дүркіреген шара осынша қысқа уақытта шолтаң ете қалды.

Сб Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ басқарушы директоры Ғалымжан Әдилдің айтуынша, өтінімдерді қабылдау Астана

уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап www.autonesie.kz ресми сайты арқылы жүргізілді. Оған компьютер арқылы электрондық

2-бет

АПЫРАЙ-Ә!

ТАЛАН-ТАРАЖҒА ТҮСКЕН ТЕҢГЕ кінәлі есепші ме, әлде...



Сурет ашық дереккөзден алынды

Облыстық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің дерегінше, өткен жылы 12 мектепте жүргізілген тексеру нәтижесінде 550 млн теңге қаржы талан-таражға түскені анықталған. Мектеп директорлары электронды цифрлық қолтаңбасын есепшіге беріп, есепшінің мектепте мүлдем жұмыс істемейтін тұлғаларға еңбекақы аударып, құжат бойынша бұрмалау жағдайлары тіркелген. Мұндай жағдайлар басқа да мемлекеттік мекемелерде жиі орын алуда. Сондай-ақ, жауаптылардың мемлекеттік сатып алу заңын жетік білмеуі, есепші мамандардың біліктілігінің жоқтығы да кемшіліктерді үдетіп отыр.

Сб Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

2-бет

МЕРЕЙ

ТАҒДЫРЫ ҰЛТЫМЕН САБАҚТАС ҚАЙРАТКЕР

«Алты алаштың анасы» атанған Сыр бойының тарихы терең, қазақи дәстүрі берік, жері байтақ, елі салиқалы, халқы төзімді екеніне еш талас жоқ. Ежелгі Жібек жолының Аралдан бастап Жаңақорғанға дейінгі 800 шақырымға жуық жерін ұзына бойына алып жатқан, табиғаты қаталдау аймақты мекендеген қалың қазақтың басын біріктіріп отырған Қызылорда облысы өз тарихында елмен бірге талай кезеңдерді бастан көшті. Бұл өлкеде туып-өскендердің төзімділігі, қазақи болмысы, ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігі, ұлтжандылығы мен елжандылығы ерекше десем, артық айтпаспын. Туған жерден түлеп ұшқан азаматтарына қарап, күн сүйген топырағы, аптап ыстығы мен қарсыз қарасуығы, апталап соққан желі ұландарын әбден шыңдап, пісіріп шығарады ма деп қаласың. Бойына қазақтың барлық жақсы қасиеттерін, тілін, ділін сіңіріп, ұлттық рухқа қанығып өскен небір аптап тұлғаларға қарап сүйсініп, мерейленіп отыратынымыз да шындық.

Бұл пайымдарымды аймағымыздан қанаттанып ұшып шығып, асқар биіктерге уа салған, қияларға қонып, қырандай самғаған Сыр бойының төл перзенті Бердібек Машбекұлы Сапарбаев турасында айту — менің азаматтық парызым.

Бердібек Машбекұлы — өзінің өмір жолында, еңбек жолында көптеген биіктерді бағындырған, еліне еңбек еткен, халқына қызмет жасаған қайраткер тұлға. Жаңақорған ауданында 1953 жылы дүниеге келіп, сол жерде орта мектепте оқып, өсіп-өнген қарапайым ауыл баласының маңдайына жазылған өрлеу жолы өнегелі де күрделі. Жаратылысынан бойындағы жігер, ұмтылыс, қайсарлық, батылдық, алғырлық қасиеттері, білімі оны үнемі алға жетеледі. Қандай қиындықтар болса да тайсалмай, іске жан-тәнімен кірісіп кететініне талай көзіміз жетті.

Мен өзім әуелде оның аты-жөніне сыйттай қанық едім. ҚР Білім министрлігінде орынбасар, кейіннен ҚР Министрлер кабинеті Аппаратының жетекшісі өз жерлесімді екенін білетінін. Ал 1995 жылы ол өзінің кіндік қаны тамған туған өлкесінің басқарушылық тізгінін қолына алғанда алда әлі тағы да төрт облыстың әкімі боларын, алар асуларын, шығар шыңдарын қандай екенін сезбегені де анық. Күздің алғашқы айында Бердібек Машбекұлы Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалғанда сырбойылықтардың жаңа серпін, тың бастамалар, жағымды жаңалықтар күткені рас.

Сол 1993-1995 жылдары мен Мәскеуде докторлық диссертациямен айналысып, Москва қаласымен екі ортаны жол қылып жүрген кезім еді. 1995 жылдың соңына қарай диссертациямды қорғап келдім де, 1996 жылы 2-ші қаңтардан бастап Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтының 1-ші проректоры қызметіне кірістім. Көп уақыт өтпей, қаңтар айында Б.Сапарбаев менің жас ғылым докторы, институттың жанадан тағайындалған 1-ші проректоры ретінде қабылдауына шақырып, жақын таныстық. Оған дейін ұстазым, бірінші басшыма академик У.Бишімбаев мені сырттай таныстырып қойған болуы керек, қабылдау жасауына да соның ықпалы тигендей. Бірінші жүзбе-жүз танысқан сәттен бастап жылы шыршаймен қабылдап, институттың болашағы туралы келінін әңгімелестік. Бұл таныстық, әңгімелесуден мен қанаттанып шықтым. Оған себеп институттың болашағы туралы, оны келешекте агротехникалық немесе политехникалық институт етіп, өңірімізге қажетті инженерлік-техникалық, мұнай-газ саласына мамандар дайындау, материалдық-техникалық базаны дамыту, білікті ұстаздар қауымын қалыптастыру тұрғысында келеді мәселелер қозғалып, болашаққа үлкен жоспарлар жасалды.

— Сіз техника ғылымының докторы, жас ғалымсыз, осы бағытта жұмыс жүргізу керек, институтты дамытудың стратегиялық бағыты осы болуы керек, — деп сөзін тұжырымдады әкім. Облыстың бірінші басшысы осындай қолдау жасап, қызғашушылық танытып, бағыт беріп отырса, қалай қанаттанып шықпайсың?! Мұнан кейін де біз облыстық деңгейдегі түрлі іс-

шараларда кездесіп тұрдық.

Оның халықпен тығыз байланыс жасай білуі, халықты тыңдай білуі, халықпен ете-не араласуға бейімдігі, жергілікті жердің ерекшелігін, тыныс-тіршілігін байыппен ұғына алуы, сөзіне сендіріп, ізіне ерте алуы, бастаған ісін соңына дейін жеткізіп, нәтижесіне қол жеткізіуі, керек жерінде айтып тастайтын батылдығы елінің қошеметіне бөледі. Халқы сенді, қолдады, үміт артты. Сол кезеңдер барлық еліміз үшін, Сыр бойы үшін нағыз қиын-қыстау, күрделі шақ еді. Нарықтық қатынасқа көшудің алғашқы жылдарының қиыншылықтармен жүргенін ұмытқан жоқпыз, бәрі көз алдымызда.

1996 жылы мамыр айында Үкіметтің бір қаулысымен Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты болып, Қызылорда педагогикалық институты Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті болып қайта құрылды. Сол кездегі тәртіп бойынша облыс әкімдері ректордың тағайындалуына тікелей өз келісімдерін беретін. У.Бишімбаев Жамбылдағы университетке ректор болып тағайындалып, сонда баратын болды. Мені Бердібек Машбекұлы шақырып алып: «Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институтының ректоры лауазымына сіздің кандидатураның қойылып жатырмыз, мен сізді қолдаймын және сізге сенім артамын, министрлікке өз келісімді бердім, қызметке кірісе беріңіз», — деді. Тәртіп бойынша мен алқа мәжілісіне барып, соған қатысуым керек еді, ал мен Алматыға бармай-ақ, 1996 жылы шұғыл түрде ректор лауазымына тағайындалдым.

Бердібек Машбекұлы облыс әкімі болып тағайындалғаннан кейін біздің облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше серпін беретін жоба — Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы бастама жасалды. Бұл жобаны жасап, жүзеге асыруға академик У.Бишімбаев, экономист-ғалымдар И.Ким, Б.Шоменова, Ү.Шалболова, А.Бақытжанов, Е.Махмұтқайып қатысқан жұмыс тобы құрылып, техника-экономикалық негіздемесін жасауға атсалыстық. Бердібек Сапарбаев өзінің жаңа форматтағы экономист екенін, істің көзін таба білетін, батыл шешімдерге бара алатын басшы екенін дәлелдеді.

Облыс әкімінің аймағымыздағы жоғары оқу орындарына жасаған ерекше қолдауын айта кеткім келеді. 1996 жылы біздегі «Южнефтегаз» бірлестігі қанадалық «Харрикейн Хайл-рокарбонз ЛТД» компаниясына өткен еді. Сол кезде оның президентін Кит Макрей болатын. Бердібек Машбекұлы біздің институт пен Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетін халықаралық деңгейге көтеру, әлемдік білім кеңістігіне шығару мақсатында екі оқу орнының ғалымдарын өңірімізге келген сол компанияның басшыларымен таныстырды. Соның нәтижесінде Канаданың халықаралық даму агенттігі (CIDA) — СИДА-мен 2010776 «Қазақстанның жоғары оқу орындарына техникалық көмек көрсету» бірлескен жобасы аясында

бірінші рет Калгари қаласындағы Оңтүстік Альберта технологиялық институтында біздің 24 оқытушымыз мұнай ісі, бизнес, ақпараттық технологиялар, бақылау-өлшеу құралдары сияқты басым бағыттардан төрт айлық тағылымдамадан, ағылшын тіліне оқытудан өтті, ағылшын тілінде 150 оқу-әдістемелік материал алынды, AutoCAD-орталығы, бақылау-өлшеу құралдарының аспаптық зертханасы, дәнекерлеу орталығы ашылды, лазерлік атмосфералық байланыс желісі (ЛЛАС) орнатылды. Бұл жоба 2003 жылға дейін жұмыс істеді.

Сонымен бірге, ағылшын тілінің профессоры Т.Кеншінбайдың атсалысуымен Канаданың Ауылшаруашылық Олс колледжімен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасалып, университеттің оқу-зертханалық базасы ретінде қанадалық тәжірибемен аумағы 270 шаршы метр жылжыпай салдық, онда алғаш рет еуропалық технологиямен көкөністер өсіру қолға алынды және ол әлі күнге жұмыс істеп келеді. Осының бөріне бағыт беріп, қолдау көрсетіп отырғаны үшін облыс әкіміне шексіз риза болдық.

Елімізде жоғары білім берілу саласындағы жүргізіліп жатқан реформаларға орай, 1998 жылы 24 наурызда Үкімет қаулысымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университеті және Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты бірігіп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті болып құрылды. Сол кезде облыс әкімінің ұсынысымен мен ректор болып тағайындалдым. Аймағымыздағы екі үлкен жоғары оқу орны қосылғаннан кейін өте үлкен ауқымды жұмыстар басталды. Бұл жерде де облыс әкімі Б.Сапарбаев тағы да сол өзіне тән көрегендікпен бізге жол сілтеп, бағыт-бағдар, ақыл-көнесін беріп, көмекке келді. «Туған жерге туынды тік!» деген асыл сөз осындай жанашырлықтың дәлелі болса керек. Бердібек Машбекұлының тікелей ықпал етуімен және өзінің ұйымдастыруымен сол кездегі әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Нәрібаев Көпжасар Нәрібайұлы, Қазақ халық шаруашылығы институтының ректоры, академик Мамыров Нұрғали Құлшаманұлы, Қазақ аграрлық университетінің ректоры Сағадиев Кеңжеғалі Әбенұлы, Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің ректоры Садыхов Токтар Сәлменұлымен танысып, университеттің әріптестік аясын кеңейте түстік. Бұл біздің университет ұстаздарының ғылыми әлеуетін дамытуға оң ықпалын тигізді, аталған жоғары оқу орындарында ұстаздарымыз кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғап, ғылыми дәрежелі кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі жолға қойылды. Сондай-ақ шетелдік әріптес ЖОО-мен қарым-қатынасқа мән берді, атап айтқанда, Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай-газ академиясынан келген ғылымдарды жеке қабылдап, өңірімізге мұнай саласының мамандарын дайындау бірге жұмыс істеуге шақырды. Университет осы академиямен әріптестік қарым-қатынас орнатып, ұстаздар сонда білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Бердібек Сапарбаев университеттің жас ғалымдарына ғылыми жетекшілік жасап, Асқар Бақытжанов, Елена Махмұтқайып тәрізді жас ғалымдар кандидаттық диссертацияларын қорғады. Облыс басшысының университетке келіп лекция оқу дәстүрін енгізді, аптасына бір келіп студенттерге экономикалық реформалар туралы дәріс оқып тұрды, бұл да жаңашылдықтың бір көрінісі еді. Студенттерге дәріс оқуымен қатар, өзінің ғылыми ізденістерін тереңдету арқылы «Өндірістік-шаруашылық жүйелегі инвестициялық үдерістерді басқару» тақырыбында 1999 жылы докторлық диссертация қорғады. Бұл теория мен тәжірибені ұштастырып, ғылыми ізденіс нәтижелерін өндіріске енгізудің нақты нәтижелі жемісі еді.

Облысқа басшылық еткен жылдары аймағымызға көрнекті қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, есімі елге белгілі тұлғалар келсе, міндетті түрде университетте ұстаздар қауымымен, студенттермен кездесуде ұйымдастыруды жіті қалағаларды.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, екі жоғары оқу орны қосылған кезде еліміздегі, аймағымыздағы әлеуметтік-экономикалық ахуал күрделі, тұрғын үй құрылысы тоқыраған, пәтер, газ, жарық, жылу мәселелері күрделі кезең болатын. Сондай қиын-қыстау кезеңде жарқын болашаққа болжам жасап, көміл сенім ұялатқан жақсы істерге бастама жасағанын қалай ұмытарсыз?! Қазіргі облыстық медициналық орталық манайынан 30 гектардан астам жерді бөліп беріп, қаланың Бас жоспарына университет кварталы деп енгізілді. Жоспар бойынша ол жерге келешекте мұнай-газ факультетінің кешенін, студенттік жатақхана, спорттық-сауықтыру орталығы, агробиологиялық орталық және 40 пәтерлік оқытушылар үйі үлкен кампус ретінде салынып, жер телімі бөлінді. Сонымен бірге жеке тұрғын үй салуға 126 жер телімі бөлінді. Қазір соның біразы жүзеге асты, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, типтік жобамен салынған жатақхана, агробиологиялық орталық университет ұстаздары мен студенттерінің, жалпы қалалықтардың игілігіне айналды, 40 пәтерлік үй салынып, университет ұстаздары қоныстанды. Бөлінген 126 жер теліміне өздерінің жеке үйлерін салып алған ұстаздар мен қызметкерлер қазір рахатын көріп отыр.

Бердібек Машбекұлы — беректілікті ханына серік еткен жан. Ол спортқа да өте жақсы қолдау көрсетті, аптасына 2 рет жұмыстан кейін жастармен футбол ойнайтын. Университеттің спортшыларына ерекше қолдау көрсетті, жарыстардан жеңіспен оралғандарды жеке қабылдап, құттықтап, сый-сияпат жасау дәстүрге айналды.

Мен облыс басшысы ретінде атқарған сан-салалы қызметінің бір бағыты ғана туралы, университетке, жоғары білім беру ісіне жасаған қамқорлығы туралы ғана сөз еттім. Жақында ғана 85 жылдығын атап өткен, халықаралық рейтингте алдыңғы қатарда тұрған Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің осындай жетістіктерге жетуіне кезінде облыс басшысының жасаған қолдауы, берген бағыт-бағдары көп көмегін тигізгенін атап айтуымыз керек. Сонымен бірге оның басшылық

жасау тәжірибесімен қатар, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті мүшесі екенін, «Аймақтың өтпелі кезеңдегі экономикасы», «Арнаулы экономикалық аймақтар. Құру тәжірибесі», «ҚР Келен кодексі» кітаптарының, ҚР Келен кодексіне түсініктемесін авторы екенін де еске салғанымыз орынды деп есептеймін.

Қызылорда облысының әкімі болып еңбек еткен жылдары оның барлық іскерлік, ұйымдастырушылық қасиеттері, білімділігі жарқырап көрінді. Ол үлкен жауапкершілікті істерді абыроймен атқара алатындығын дәлелдей алды, осы облыста шыңдалды, тәжірибе жинады, өзінің халықпен жұмыс істей алатын табанды басшы екенін көрсетті. Халықпен араласу арты билік пен халықтың арасындағы алтын көпір іспетті, көпшіліктің өз тілінде сөйледі, ұлтаның жанашыры екенін көрсете алды. Сондықтан болар, кейінгі қызмет жолдарында күрмеулі мәселелері жетерлік бірнеше облыстардың бірінші басшысы лауазымына тағайындалды. Қай өлкеде жүрсе де, үнемі халықтың көз алдында болды, жаны тыныштықты, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүруді қаламалды, қай істі қолына алса да ойдағыдай атқарды, оң шешімін таба алды, жемісін халық көрді.

Жамбыл облысына әкім болып тағайындалуы, шынымыз айтсам, мені қатты толғатты. Апыр-ай, елдің бірлігі, ұлтарлық қарым-қатынас шиеленіскен сәтінде сондай қиын күрделі мәселені шешуге жіберді-ау деп ойлайдым. Ұрыс алаңына, майданның алдының шебіне тек тәжірибелі, батыл, ержүрек қолбасшылар жіберілетіні сияқты, оның да тағдырына қиындықтарды шешу жазылған екен дедім. Ол — жалпы Қазақстандағы басшы қайраткерлердің ішінде сирек кездесетін тұлға. Ол министр де, Премьер-министрдің орынбасары да болды, ол бес облыстың әкімі де болды. Қай жерде қиын, қай жерде проблема бар, сол жерге жіберілуі бұл кез келген тұлғаның маңдайына жазыла бермейтін сындарлы да күрделі жол. Жолдан Бекен абыроймен өтті. Ел алдындағы еселі еңбегінің нәтижесінде мемлекеттік марапаттарға ие болды. Оның әділ, адал, жан-тәнімен елге қызмет етуі, ұлттың тағдырын, болашағымызды ойлауы, жүріп өткен жолы жастарға үлгі-өнеге.

Әрқашан елмен байланыста болып, жағдайымызды, отбасымыздың амандығын сұрап отыратын қамқоршымыз, тілекшіміз, ұстазымыз болған Бердібек Машбекұлы алдымыздағы ақылшы аға, қайраткер тұлға ретінде ерекше құрметтеймін. Бекенді ғұмырының биік белесіне келіп отырған мерейлі жасымен құттықтап, жылы лебізімді, ықыласты ілтипаттылық жеткізуді інілік ізетім деп санаймын. Еліміздің өсіп-өркендеуіне сіңірген еселі еңбегінің шапағатын көріп, халықтың ыстық ықыласы мен құрметіне бөленіп, өмір асуларынан аман-есен өте беруіне тілектестігімді білдіремін.

Қылышбай БИСЕНОВ,
техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Ұлттық құрылтайының мүшесі

Тіл — әлемді байланыстырушы негізгі құрал. Олай дейтініміз, әр тіл өзіне тиесілі мемлекеттің дамуына жол ашқан. Мәселен, барша ғылымның бастауы болған латын тілі, ислам әлемінің араб тілі, қазір әлемде өз үстемдігін орнатқан, нағыз білім мен ақпараттың көзі — ағылшын тілі мен француз тілі соның дәлелі. Оған Азиядағы қытай мен жапон тілдерін қосыңыз. Ең қызығы, әлем халықтары бөгде тілдерді игеру арқылы түрлі өркениеттер арасында өз болмысын қорғауға, ұлттық ерекшелігін сақтауға мүмкіндік алды. Қазіргі қазақ қоғамында да аталған үрдіс жалғасын тауып, жаңаша түрленуде. Бірнеше тілде еркін сөйлейтін буынның ойлау қабілеті мен сана-сезімі несімен ерекшеленеді? Тіл игерудің маңызы қандай, ерекшелігі қайсы? Осы сауалдардың жауабын табуға талпынып көрелік.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Көп тіл білу — көпке тіреу

Қостілділік

Бүгінгі өлшемі

Ел арасында қазақ қоғамындағы полиглоттық үрдіс Кеңес кезеңіндегі екі тілді қосарлы қолдану аралығында бастау алды деген жансақ пікір бар. Жансақ дейтініміз, Орта Азия елдерінің өзге тілге құштарлығы ертеде дағдыға айналған. Шамамен 10 ғасыр бұрын. Себебі, бұл аумаққа ислам дінінің таралуы араб тіліне жол ашса, Иран әдебиеті арқылы аймақта парсы тілі кенінен таралды. Содан болар, уақытында түркі ғұламалары араб-парсы тілін меңгеруге күш салды. Ал өз кезегінде бұл ұмтылыс өз-өзіне ақтады. География, әдебиет теориясы, астрономия саласындағы алғашқы ғылыми еңбектерді әлемге сыйлаған Ұлы даланың ойшылдары еді. Осы деректердің өзі қазақ даласында көптілді әмбебап ғалымдардың болғанын растайды емес пе?

Әрине, Орта Азия халықтарының барлығы бірдей араб, парсы тілдерін жетік меңгерді десек, қате болар. Қарапайым халықтың тілдік қатынасы сәл өзгешелеу болды. Мәселен, көрші елдердің бір-бірімен араласуына байланысты қазақ-өзбек, қазақ-татар, қазақ-ноғай, т.б. тілдердің ортақ диалектісі пайда болды. Сол арқылы өзара туыстас елдер мәдени, сауда байланысын орнатып, бір-бірімен еркін сөйлеуге мүмкіндік алды. Бүгінде халық ауыз әдебиетіндегі кейбір батырлар жыры мен жырауларды әркім өз ұлтының мұрасына жатқызып, кезінде елдердің өзара жақын араласуында жатыр. Сондықтан қазақ даласындағы полиглоттық үрдістің тамыры тереңде деп айтуға толық негіз бар.

Тарих не дейді?

Байқасаныз, бұрынғы ақын-жазушылардың көбі бірнеше тілде еркін сөйлеген. Сол арқылы небір керемет туындыларды аударып, өз тілінде сөйлеткен. Сол арқылы ұлт руханиятына елеулі үлес қосқан. Мысалы, орыс әдебиеті ақын-жазушыларының дені — полиглот отбасының өкілдері. Оны тарихтан білетін боларсыз. Сол кезеңдегі қаламгерлер өзге тілдерді еркін меңгеру арқылы аударма саласында да өнімді еңбек етті. Нәтижесінде неміс, француз, ағылшын тілдері ел арасында танымалдыққа ие болса, көне грек, латын тілдері ғалымдар арасына кең таралды. Сол арқылы, әсіресе, Еуропа елдерінің өмір дағдысы, философиялық көзқарасы орыс тіліне аударылып, бүгін Ресейдің рухани қажеттілігін қамтамасыз етті.

Бұны неге мысал еттік? Себебі, қазақ қоғамы батыс өркениеті мен өмірін, ғылымы мен өнерін орыс тәржімасы арқылы таныды. Қазақша шығыс тіліндегі мұраларды қазақша сөйлеткен тұлғалар аз болмаған. Алайда, батыс тіліне дендеп енуге сол уақыттағы саяси жағдай мен қоғамдық өмір мұрша бермеді.



Әдебиеттің де айтары бар

Қаранышы, орта ғасырда еуропалықтар түрлі кітаптарды оқу арқылы ғана тіл үйренуге мүмкіндік алса, көшпелі халықтардың басым бөлігі ауызша біліммен шектелді.

Ал бүгінгі күн мүлде бөлек. Ынталы адамға бәрі қол жетімді. Оқулық бар, орта бар. Тек ерінбей еңбек етсе болғаны, қай тілді болсын, меңгеріп шығу қиынға соқпайды. Демек, әрбір азаматтың тіл үйренуге мүмкіндігі бар деген сөз. Мұндай мүмкіндік жеке тұлғаның ғана емес, ұлттың да ілгері дамуына сеп болмақ.



БОЛЖАМ



«Туған ай – тураған етпен тең» деп халқымыз бекер айтпаса керек, ә дегенше қыстың соңғы айын да бастадық. Әдетте қаңтар, ақпан айлары ызғарлы суығымен, бет қаратпас қарлы-боранымен есте қалатын. Алайда былтыр және биыл аймақта ауа райы халық күткендей емес. Биылғы қаңтарда күн райы аса бір суық бола қойған жоқ, сонысымен жанға да, малға да жайлы сезілді. Ал ақпаннан не күтеміз?

Ақпанда ауа райы қалай болмақ?

«Казгидрометтің» облыстық филиалының болжамынша, ауаның орташа айлық температурасы -4-8,9 градус күтіледі. Бұл облыстың басым бөлігінде норма шамасында, облыстың оңтүстігінде нормадан 1 градус жоғары (норма: -1,4-9,4°C). Бірінші онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасы түнде -10-15 градус, оңтүстік-шығыста -5 градусқа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасы түнде -5-10 градус, облыстың оңтүстік-шығысында 0 градустан -10-15 градусқа, түнде -16-21 градус, солтүстік-батысында -24 градусқа дейін төмендеуі мүмкін. Онкүндіктің аяғында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Ал үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы түнде

-7-12 градус шамасында сақталып, кей жерлерде жылынуы тиіс.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде нормадан көп, облыстың солтүстік-батысында норма шамасында күтіледі (норма: 7-19 мм). Бұрқасын бірінші және екінші онкүндіктердің ортасына болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай ішінде жиі соғуы мүмкін.

Наурыз айында болжам бойынша ауаның орташа айлық температурасы облыстың басым бөлігінде нормадан 1° жоғары (норма: -6,7+0,0°C). Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың солтүстігінде, оңтүстігінде нормадан көп күтіледі (норма: 10-22 мм).

«СБ» ақпарат

ЖӘДІГЕР

Ортағасырлық Жанкент қалашығы – республикалық сипаттағы археологиялық ескерткіш. Қала жұрты Сырдарияның сол жақ бетінде, Қазалы қаласынан 35-40 шақырым жерде орналасқан. Ортағасырлық Жанкент қалашығы Әл-Жувейнидің, Ән-Насавидің және Әл-Омаридің кейбір деректерінде «Шанаркент» деп те берілген. В.Бартольдтің пайымдауынша, Жанкент X-XI ғасырларда Оғыз мемлекеттік бірлестігі билеушілерінің қысқы ордасы болған.

Қошқармүйіз күнжасы

Жанкентте 1867 жылы П.Лерх және М.Приоровтар кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, жобасын түсірген. Зерттеуді келесі жылы (1868 ж.) В.Верещагин жалғастырды. Ал 1946 жылы Хорезм археология-этнографиялық экспедициясы (жетекшісі С.Толстов) кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қаланың нақты жобасын сызып, әуесден суретке түсірген.

Жанкент қаласының ортасында кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын 2005 жылдан бастап Ә.Марғұлан атындағы Археология институты мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бірлесе отырып, РФ ҒА М.Миклухо-Маклай атындағы Этнология институты қарқынды жүргізе бастады. Көп жылғы археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған археологиялық жәдігерлердің ішінде қошқар бейнесіндегі діни-ғұрыптық бұйымын ерекше атауға болады.

Археологтардың айтуынша облыстық музей қорына келіп түскен қошқармүйізді алтардың бас бөлігі – оғыздар тұрмысында пайдаланылған ошақ бөлігі. Былтыр Жанкент археологиялық ғылыми-зерттеу экспедициясы нәтижесінде музей қорына өткізілген қошқармүйізді алтарға тоқталатын болсақ, зооморфты қошқар мүйізінің диаметрі 9,5-10 см, фрагментінің биіктігі 12,5 см, мойын бөлігінің ұзындығы 3,5 см, ені 6,5 см, қалыңдығы 6 см құрайды. Бұйымның жоғарыдан қараған көрінісінде яғни, бармақ басындай төрт бұрышты қиықшаның үстінде 0,5 мм болатындай бөлігі жоғары шығынқы болып келген. Үш-бұрыш, симметриясы сақталған, параллель сызықтармен әшекейленген. Қошқар мүйізінің айналасына түртпе оюы ойылып, алдыңғы және артқы жақ бөлігінде шақпақталған, үшбұрыш оюлары айналдыра үйлесімін тапқан. Мүйіздің төменгі, яғни жиектемелерінде өсімдік тектес ою-өрнектері сақталған. Ал артқы бөлігі екі айрық арқылы екі жаққа қараша үйдің шаңырағы тәрізденген шенбермен қошқар мүйізі толқын оюымен безендіріліп

сәнделген. Бұйымның түсі қызыл-кызылт сарыдан қою қоңыр болып келген, VII-XI ғасырларға мерзімделеді.

Қошқармүйізді алтарь оғыздарда ғибадат орнымен қатар үй ішіндегі шырақтың функциясын атқарған. Мұндай формалы керамикалық алтарь ортағасырда Сырдарияның көптеген қалалары мен аймақтарында кеңінен таралған. Керамикадан жасалған жәдігерде қошқар бейнесі, оның ішінде мүйіздері жақсы көрініс тапқанын көруге болады.

Зерттеулер барысында Сырдария оғыздарының басты тотемі қошқар екені нақтыланып отыр. Сонымен бірге исламнан бұрын түркілер арасында отқа табынушылардың ғұрыптық рәсімінде қошқар бейнесі ерекше орын алған. Халық сенімінде қошқар байлықтың белгісі, денсаулық шекарасының сақшысы деген түсінік қалыптасқан. Оғыздар Сырдария алабындағы жерлерді өз иеліктеріне қаратқанда отқа табынушылар осы қошқар бейнесіне сыйынуды дәстүрге айналдырған.

Көрнекті археолог К.Байпаковтың «Культ барана у сырдаринских племен» атты мақаласында қошқар бейнесімен берілген саздан жасалған материалдарды бірнеше хронологиялық топқа бөліп қарастырған. Бірінші кезеңін б.з. I-VII ғасырлар аралығына, екінші кезеңін VIII-XII ғасырлар аралығына, үшінші топтағы XIII-XIV ғасырлар аралығына, ал төртінші кезеңін XV-XVIII ғасырлар аралығына жатқызып, кезеңдер бойынша зерттеген. Бірінші және екінші топтағы саздан жасалған қошқар мүсінді пішіні, үшінші топқа алтарь протомалары жатқызылған.

Зооморфты қошқар бейнелерді тұрмыста қолдануды Жетісар мәдениетін қалыптастырған қандылардан оғыздар мұра еткен деседі. Жанкент қалашығын зерттеу барысында оғыздардың қошқармүйізді алтарьларды қыш пештің алдыңғы жағына орналастырғаны анық-



талып отыр. Нан пісіретін пеш аузына қошқар бейнесінің салынуы өзбек, қарақалпақ халықтарының көне мәдениет ескерткіштерінде де кездеседі. Алғашқы қошқар бейнесіндегі діни-ғұрыптық бұйымдар сактарда да көрініс тапқан. Сактардың қыш бұйымдарындағы қошқар бейнесі олардың дүниетанымында тұмар қызметін атқарса, одан кейін оғыздар арасында қошқар культі тайпа қорғаушысы ретінде табылған.

XIII-XIV ғасырларда Сырдария аңғарларында ірі сауда және мәдени орталықтарда пайда бола бастады, яғни көзешілік қыш-құмыра өнеріндегі қой, қошқардың нақты бейнесін салу дәстүрі өркендей түсті. Жан-жануарлар, үй малы әлемімен байланысты архаикалық діндердің көп элементтері зооастризм, шаманизм, тотемизммен сакралданып, кейіннен ислам дініне кіргізіліп, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатыр. Қойға, қошқарға қатысты наным-сенімдер жүйесінде қазақ халқы төрт түліктің тенеуін «түйе – байлық, жылқы – сәндік, сиыр – ақтық, ешкі – жеңілдік, қой – мырзалық» деп түсіндірген. Қазақтар сыйлы қонаққа қой басын тартады. Қадірлі адамға сойылған қойдың басын маңдайынан төрт құбыламыз тең болсын деп тіліп, жол ашу ырымын жасайды. Сонымен қатар, он жас құлағын кесіп алып, үй иелерінің кішісіне береді, қонаққа құлақсыз тартады. Бұл ырым ырысым, несібем өз үйімде, өз босағамда қалсын деген ниеттен туындаған.

Зерттеуші К.Скалон жерлеу орындарынан табылған керамикалар ғұрыптық рәсімге пайдаланғандығын негізге алып, қошқар бейнесіндегі мүсіндерді қандай да бір магиялық күші бар деген тұжырымға келген. Дешті Оғыз мемлекетінің астанасы болған Жанкент қалашығы алдағы уақытта да өзінің сырын ішіне бүккен жәдігерлерімен бізге талай ой саларына күмәніміз жоқ.

Гүлжанар ОРАЗАЛИЕВА,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері

Ардагер Ибрагим Әбибуллаев өңімінен майын тамыза айтады. Үш бірдей ауданда әкім болды. Облыста басшылық жұмыстар атқарды. Қазір зейнеткер. Бір отырыста өткен күндерден әңгіме ербітті. Екеуіміз бір ауылда өстік. Бірақ осы бір өңіміні бұрын-соңды естімеген өдім.

Бір орам былғары

— Жас кезім. Алматының ауылшаруашылық институтын бітіріп, ауылға келдім. Инженер мамандығым бар. Гараж менгерушісі болдым. Кейін бас инженерлікке көтерілдім. Аудан басшысы Еламан Жүнісбаев жұмысыма көптен риза болып жүрген. Өзім туған қазіргі «Қоғалыға» кеңшар директоры етіп бекітті, — дейді ол өткен күндерді еске алып.

— Кеңшар күріштен рекордты өнім алып, облыстың жүлдесін бірнеше рет жеңіп алды. Жыл сайын мыңдаған центнер астық тапсыратын кеңшарға айналды.

Жұмысты өрге сүйреуде диқанар Жанбырбай Қожауов, Гүлнәр Әлексева, бригадир Оразбек Садықов талай марапатқа ие болды.

Бригадир Оразбек аға майдангер еді, әскерден аға лейтенант шенімен келген офицер болатын. Әңгімешіл кісі еді, жарықтық. Астық жинау кезі. Қырман басында отырмыз. Оразбек аға Берлиннен оралғанын әңгімелеп отырды. «1946 жылы әскери қызметімді аяқтап, Берлиннен оралдым. Рейхстагқа ту тігу үлкен арналыс болды. Ақыры фашистер тізе бүкті. Қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа ту тікті. Қуанышта шек жоқ. Сонымен бейбіт өмір басталды. Мен ауылға қайтатын болдым. Ескерткішке деп өртүрлі бұйымдар алдым. Дүкендегі былғарыға көзім түсті. Бір орамнан алдым. Ауылға барған соң ағайын-туысқа етік-мәсі тігіп беру ойымда бар. Сонымен, бір орам былғарыны қолтықтап, «Қоғалыға» жеттім. Ауылға келсем көп азамат соғыстан оралған екен. Ағайынды Талпаков Жүніс, Айдар, Іздікүл, Қонысбай, Шамшат, Рүстем, Нәсірелдин Ибадуллин, Шахап Қаюпов, Әжмағанбет Тілеулиев, Әнуарбек, Маханбетжан ағалар соғыстан оралып, елдің ажары кіріп қалған екен. Жер-жерде той-думан, бөташар, көкпар-жарыс.

Содан еңбекке араластым. Бір бригаданы басқаруға ие болдым. Егіс бригадирімін. Қолым сәл босаса баяғы Берлиннен алып келген былғарыны шетінен қиып, ауылдағы үлкендерге біріне мәсі, біріне етік тігіп, көп алғысын алдым. Қойшы, бір орам былғарыдан біраз адам етік-бөтенке киіді. Жұрт тапсырыс береді, тігіп беремін», деген еді.

Арада біраз жыл өтті. Оразбек аға зейнетке шықты. Мәскеудегі Жеңістің 50 жылдық мерекесіне шақырылды. Майдандастар бас қосты. Оразбек аға өзінің еңбек жолын баяндайды. Содан сөз арасында соғыстан қайтар кезде Берлиннен бір орам былғары әкелгенін, онан аяқ киім тіккенін әңгімелейді.

Бір орыс жігіті сәлден соң қол көтеріп сөйлейді.

«Аға лейтенант Оразбек Садықович, сіз әлгі әзірде Берлиннен бір орам былғарыны ауылға аркалап барғаныңызды, одан тұрғындарға етік-мәсі тігіп, сыйлағаныңызды айттыңыз. Есіңізде болсын, ол былғары тұтқындардың терісінен жасалған былғары болатын. Немістер жер-жерге 180 градустық қысымы бар пеш орнатып, тұтқындардың денесінен, терісінен бұйымдар жасағанын қалай білмейсіз! Ауылға барған бойда былғарының қалдығын жойыңыз!» — деп орыс жігіті трибунадан түседі.

Оразбек аға осы әңгімені естіген бойда отырып қалыпты. Өзінің әбес әрекетіне күйзеледі. Туған жерге әрен жеткенін айтты. Аға лейтенант Оразбек аға қазір арамызда жоқ, үрім-бұтақтары ауылда тұрады.

Ауылдас аға Мәскеуден оралған бойда былғары өзі тігіп берген етік-мәсіні үй-үйден жинап, қапқа салып, зираттың іргесіне көмгені бар. Дүниеден өткенше зират басына барып, құран бағыштаудан жаңылмады. «Бұл менің парызым болсын!» деумен кетті.

Иә, майдангер ағаның Берлиннен әкелген бір орам былғарысының тарихы осылай аяқталған еді.

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі

Карантиндік нысандарды қалай анықтаймыз?

Өмірімізді күнделікті қолданатын адам ағзасына пайдалы дәрумендерге бай көкөніс, жеміс-жидексіз елестету мүмкін емес. Сауда нысандарына жеміс-жидек, көкөніс сатып алу барысында ең бірінші оның сыртқы пішініне, тазалығына мән береміз. Сыртқы пішінінде, жапырақтарында түрлі зақымдану белгілері болса, өнімнің зиянды организмдермен зақымдалғаны анық. Карантиндік өнімдердің ҚР аумағында шектеулі таралған карантиндік зиянды организмдермен зақымдалғаны анықталған жағдайда оларды жою мақсатында күрес

шаралары жүргізілуі тиіс. Себебі олар қоршаған ортаға айтарлықтай зиян әкелуі мүмкін. Ең алдымен карантиндік өнім және карантиндік нысан деген ұғымдарға тоқталып өтсек.

Карантинге жатқызылған өнім – карантинді нысанды тасығыштар болуы және олардың таралуына әсер етуі мүмкін. Карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енгізілген және оларға қатысты карантиндік фитосанитариялық шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім (көкөністер мен жеміс-жидектер),

ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар.

Ал карантиндік нысан – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, Еуразиялық экономикалық одақтың карантинді нысандардың бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер зиянкесі, ауруын қоздырғыш немесе

арамшөп.

Жалпы ҚР аумағында шектеулі таралған 14 карантиндік зиянды организм болса, оның ішінде Қызылорда облысы бойынша 4 карантиндік нысан (өсімдіктер зиянкесі: қауын шыбыны, калифорниялық қалқанша сымыры, арамшөптер: сарышырмауық, кекіре) тіркелген.

Карантинге жатқызылған нысанды анықтау үшін сауда объектісінде, өкілінің қатысуымен методикаға сүйеніп отырып жұмыс жасаймыз. Визуалды түрде карантиндік нысан белгілері байқалған карантин-

ге жатқызылған өнімді зиянды организммен зақымдалғанын анықтау мақсатында облыстық карантиндік зертханаға жолдау үшін бақылау-қадағалау актісін толтыра отырып, этикеткасын рәсімдеп, сейф пакетке (2 дана, біреуі сауда иесіне) салу арқылы үлгілер іріктеліп алынады.

Е.ӘБШЕВА,
ҚР АШМ АӨК МИК-нің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі инспекторы